




# ТЕЛЕВИЗИЯ, РАДИО ЖӘНЕ ЖАҢА МЕДИАҒА МӘТІН ЖАЗУ

Ток шоу және сұхбаттасу. Дәстүрді  
білмеу кемшілікке соқтырады





## I.

Армысыздар. Құрметті тыңдарман журналистер. Сіздер күн сайын газетке, телевизияға, радиоға, түрлі ақпараттық сайттарға тұлғаның пікірін беру үшін, немесе оны көпке таныстыру үшін сұхбат құрасыздар. Кешкілік эфирге шығатын ток-шоуларды дайындаудың ортасында жүресіздер. Ал осы жанрдың, телевизиялық тәсілдің барлық сырына қанықтыңыздар ма? Бұл орайда американдық маман Роберт Хиллиард мырзаның «Телевидение, радио мен жаңа медиа үшін мәтіндер жазу» атты кітабында құнды ұсыныстар бар. Біз осы кітап негізіндегі дәрістерді жалғастырамыз. Оның соңына өзіміздің ойларымызды қосамыз. Біздің ойымыз отандық продюсерлік орталық түсірген тарихи фильмдегі олқылықтарды талдауға арналмақ. Сол арқылы сценаристер тарапынан ұлттық дәстүрі білмеу мен бұрмалаудың қаншалықты сорақылыққа соқтырарын сөз етеміз. Алдымен американдық телевизия тарланының сұхбатқа қатысты жазбаларымен танысып алайық.

Адамдарды сөйлету арқылы жасалатын бағдарлама қазір барлық тілде ток-шоу аталып кетті. Ол не жаңалық, не деректі фильм, не драма, не музыкалық көңіл көтеру, не білім беріп оқытатын бағдарлама емес. Бұл әңгімелесу арқылы өтетін бағдарлама. Мұның да бастауы сол телевизия күрт дамыған 1990 жылдарда жатыр.

Осындай адамдарды сөйлетіп қоятын бағдарламалардың жүргізушілері ел арасында кеңінен танымал болды. Тіпті музыкалық радиостансалардың өзі рейтингті арттыру үшін осындай бағдарламаларды өзінің хабар тарату кестесіне қосты.

Бұл ток-шоудың форматтары түрліше бола береді. Сұхбат құру, комментарилер жинау, талқыға салу. Кейбір форматтарға тіпті алыстағы адамдарға телефон шалу мен скайп арқылы тікелей бейнесі мен сөзін беру үстемелене қосылды.

Әрине әлемде ток шоу арқылы даңқы шыққандарды санай бастасақ алдымен Дэвид Леттерман мен Опра Уинфри аттары ауызға оралады.

Бұл форматтағы бағдарламалардың ешбірінде толыққанды сценарий болмайды. Өйткені бағдарламаға қатысушылардың эмоциясы аяқ астынан пайда болады. Шоу тізгінін ұстаған жүргізуші де аяқ астынан ешкім күтпеген сұрақтар қойып, оқыс әрекеттерге барады.

Демек Роберт Хиллиард мырза өзінің «Телевидение, радио мен жаңа медиа үшін мәтіндер жазу» атты кітабында атап көрсеткендей, суырып салма сөздер мен әрекеттер осы бағдарламаның басты сипаты болып шығады. Әрине, эфирде күтпеген нәрсенің айтылуы мен болып жатуы көрерменді аяғына дейін ширықтырып отырады.

Ал енді ток-шоу емес, таза сұхбат құру дегенге келсек, ол көптеген бағдарламаларға тән. Сондай-ақ таза сұхбатқа негізделген бағдарламалар да болады. Оның үш түрі бар дейді Роберт Хиллиард. Оның біріншісі пікірін білу үшін сұрақ қою. Мұнда адамның көзқарасына, нанымы мен тұжырымына басты назар аударылады. Мұндай сұхбатқа өзіндік ойы бар әрі көпшілік танитын адамдар шақырылады. Олар өз саласының мамандары болып табылады. Бұл сұхбат ақпараттық немесе жеке адамның көзқарастары мен тұжырымдарын білу мақсатында құрылады.

Сұхбаттың екінші түрі ақпараттық аталады. Оған көбінесе мемлекеттік қызметтегі адамдар шақырылады. Ол үшін толық сценарий жазылуы керек. Әңгімелесуші не туралы сұралатынын біліп соған орай материалдар әзірлеп келеді. Қолында жеткілікті деректері, түрлі кестелері мен мәліметтер, графикалары мен инфографикалары болуы мүмкін. Мұнда артық сұрақ қойылмайды. Барлық әңгіме бір тақырыпты терең түсіндіруге арналады.

Үшінші сұхбат түрі жеке сұхбат деп аталады. Мұны Роберт Хиллиард тіпті көркем сұхбат деп үкілепті. Оның форматы бір адамның табиғатын зерттеуге, оны ұялтып, қызартуға тіпті мадаққа негізделген. Ол әдетте өте астарлы болып келеді. Мақтап отырып мақтамен бауыздай салуы да мүмкін. Осы үш сұхбаттың әрбірінің ерекшелігін сақтаған телевизия мамандары көпте танымал болмақ.

Табысты сұхбат құру үшін көп дайындық керек. Сұхбатқа шақырған журналист тақырыпты терең қотарып, келетін қонақ үшін мол мәлімет жинайды. Сұхбатқа келетін адамның бұған дейінгі өмірімен танысады, оның көзқарастарын, ұстанымын біледі. Соған орай негізгі сауалдарын дайындайды.

Осымен дәрістің Роберт Хиллиардтың кітабы негізіндегі бөлгін тәмамдаймыз. Одан әрі біз жоғарыда уәде еткеніміздей ұлттық дәстүрлерді ұмытқан тарихы сериалдың қойыртпағын тазалауға тырысамыз. Құлақ түре отырыңыздар.



## II.

Бұл жолғы дәрісімізді телеэкран бетінде ұлттық дәстүрлерді бұрмалауға болмайтындығына арнаймыз. Және нақты мысал арқылы түсіндіреміз.

Ұлттық дәстүр қазақты басқа ұлттардан ерекшелендіретін фактордың бірі. Бізді жер жүзіндегі басқа халықтардан түр-түсіміз, сөйлейтін тіліміз, тұратын жеріміз және сақтаған салт-дәстүрлеріміз ғана айрықша етіп тұрарын ұмытпау керек. Бұларды мансұқ етуге болмайды. Онда ұлт ретінде жойылып кетеміз. Жер үшін, тіл үшін, қыздарды жат жұрттарға жиі ұзата бермеу үшін күрестің астарында осы ұлтты сақтау мақсаты тұрады.

Ал кейде телеарналар өз бағдарламаларында салт-дәстүрді басқаша көрсетіп, түсіндіреді. Сол арқылы халықты шатастырады. Мұндай шатаюдан соң дәстүрдегі бір ізділік бұзылады. Ал әрбір дәстүр табиғатпен, қоршаған ортадағы жан-жануарлармен, сосын туыстас тіпті алыстағы адамдардың өз арасындағы қатынастардан туындаған. Мәселен, үйге кірген жыланның басына ақ құйып шығарып жібереді. Немесе қандай аңшы болсын арттағы ауылы қанша ашығып отырса да буаз маралды атпайды. Немесе сырттан келген жолаушы өзін есік алдында ешкім қарсы алмаса киіз үйге кірмес бұрын өзінің келгенін білдіру үшін «сөйлес, кім бар» деп дыбыс береді. Ол үй иелерін ыңғайсыз жағдайға қалдырмас үшін істеледі. Міне әрбір дәстүр-салттың осындай тағылымды тұстары бар. Ал біздің журналистер мен киношылар не ұсынып жүр? Соны бір туынды арқылы жан-жақты талдайық.

«Қазақстан» телерадио корпорациясы 2017 жылдың соңында көрерменге ұсынған «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» сериалы өте сәтсіздікке ұшырады. Ақпарат құралдарында, әлеуметтік желіде сансыз сынға тап болды. Атап айтқанда «Қазақ үні» газетінің бірнеше нөмірінде осы сериалға қатысты жағымсыз пікірлер жиі басылды. Қазақ телевизиясының тарихында мұншалықты арқасына қамшы батқан туындыны табу қиын. Енді осыншама сәтсіздікке шығармашылық топ қалай ұрынды дегенде келейік.

Мұның бәрі ұлттың тілі мен дәстүрін білмеуден туындады. Тіпті, білген жағдайда да оны ескермеудің салдары осыған соқтырды. Енді ретімен осы кемшіліктерді талдайық. Мұның өзі алдағы уақытта телевизиялық көркем және деректі фильм түсіреміз деп құлшынғандарға сабақ болуы тиісті.

Алдымен, жұрттың бәрі «Қозы Көрпеш – Баян Сұлудан» баяғы «Қыз Жібек» фильміндегідей дәмді сөздер күтті. Дастан ретінде көркемдігі жағынан бірінен бірі өткен соң киносында неге олай болмасын? Күтіп қойған жоқ-ау, іздеді.

Иә, «Қыз Жібек» фильмінде кейін тұрақты тіркеске айналған сөздер көп еді. Өңгімеге біреу ортасынан килігіп кетсе «Бекежан мырза, сөзді бөле бердіңіз ғой» дер едік. Біздің Әндіржан атты курстасымыз жатақханада қыздардың бөлмесіне кіріп: «Жібекжан, қымызды қонақтар ішсін, бізге шай да жетеді» деп күлдіретін. «Қалауыңыз қасқалдақтың қаны, не адамның жаны емес шығар» дер еді аудиторияда қалжындаған қыздар. «Біреудің басына қызыққан өз басын да ойлай жүргені жөн болар» дейтін профессорларымыз. Бір кинодан осыншама теңеу, тұрақты тіркес ұлттық тіл байлығына қосылып еді.

Ал, «Баян» сериалын тыңдасақ: «Бағымызға қарай алатын бай табылды.» Қарабайдың қызы туралы айтқаны. «Күйеуді тапқан өзің. Қызды да өзің тап.» Бәйбішесінің Қарабайға айтқан сөзі. «Үйіне шымалдық құрғызып қойдық. Өкел де өзің отырғызып қой». Бұл да Қарагөз бәйбішенің аузынан шығады. «Өзіңізге тиер деп зорламаңыз». Баянның Қодарға айтқаны. Қодар Баянның құрбысы Талшынға бірнеше рет «Найсап» дейді. Қанша Қодар болса да қызға ондай сөз айтпаса керек. Басқа теңеулер баршылық қой. Иә. Талшын байғұстың естімегені жоқ. Қозы да Қодардан қалыспай оған «антұрған Талшын» дейді. Бірі жағымды, бірі жағымсыз екі кейіпкердің қызға қарата айтылған сөздерінің сыйқы осындай. Бұдан қандай тәрбие көреміз. Фильмдегі осындай дөрекі сөздерге құлағы қаныққан жастар сосын көшеде одан қыздарға одан зорғысын айтпай ма?

Мынау Баянның шешесімен оңаша қалғандағы сұрағы: «Әкеме сүймесеңіз неге тидіңіз?» Шешесі жауап бергеннен кейінгі келесі сұрағы: «Сонда қарсыласпадыңыз ба?» Анау ғасырдағы Баян қойған сұрақтар ма, әлде мына ғасырдағы басқа қыздың сұрағы ма деп ойлайсың.

Шешесі Қарагөз қызына «Сені ғашықтық оты өртеп жатыр» дейді. Қандай ана қызына осылай деген екен? Әрі, бергі Баян емес, сегіз ғасыр бұрынғы Баянның заманында.

Баянға шешесі әкесін жамандағанда «Қарақшылармен әбден әуейі болып алды» дейді. Ал керек болса! Қарабай мен Қодар және оның қасындағылар әуейі болса қандай көрініс шығарын көзге елестете беріңіз. Баянның тағы бір тұста Қодардан «бала күнімде мені қатын қылармын демеген шығарсыз?» деп сұрағанын да естімесін жас ұрпақ.

Сөйлем құрауларында құжынаған қате жүр. Бұл сериал тіл заңдылығынан жұрдай. «Бір өзің аттану



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу  
Дәріс: Ток шоу және сұхбаттасу. Дәстүрді білмеу кемшілікке соқтырады  
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

керек». Баянның айтқаны. Дұрысы «аттануын» шығар. «Тағдырым өз қолымда болса ғой, мұндай бақсыз бағыныш болмас па еді». Бағзы заманның Баяны өз ойын ана тілінде бұдан сауатты жеткізсе керек еді. Жігітінің де тілі жетісіп тұрған жоқ: «Байқасам, сен Қодардың жары болғың келмейді». Қодар «Ал Қозыны біреудің қалыңдығын алып қашқаны үшін жазасын тартатын болады» дейді. «Қозы ... жазасын тартатын болады» емес пе? «Егер оған бірдеңе болса, менің тірі болғанымнан керегі жоқ» дейді Баян. Дұрысы «болғанымның» шығар. Қодар Баянға «Бір махаббаттың отын жаққанмен, бірін өлтіремін деп ойламайсың ба?» дейді. От өлмейді, өшеді. Оның үстіне құрмалас сөйлемнің бірінші бөлігінде «жаққан» деген соң, екінші бөлігінде «өшіріп» деуге міндетті.

Еркешора Баян, жетім Қозы, құл-қарақшы Қодар солай сөйлесе де, ата сақалы ауызға біткен Қарабайға не жорық, ол «Қодар, қызымның еркін бер» дейді. Шамасы, «еркіне жібер» демек болған.

Қазақтың сөзінің мәнін білмей, қалай болса солай қолдану жетіп артылады. «Ондай орай өтіп кетті» дейді Қозы. «Орай» ешқашан өтпейді. «Орай», анығында «орайы» келеді. Сценарий авторларының осы сөзге неге үйір екені белгісіз, енді бірде Қодарға «саған бір орай беруге ұйғардық» дегізіпті. Бұл сөзді дұрыс қолданудың орайын таппаған авторларға қарның ашады.

Қозының әкесінің ағасы Әжібай би сый-сияпатты көрсетіп «мына сауғаны бәйбіше, өзіңізге арнайы әкелдік» дейді. «Сауғаны» жауды шапқан батыр беріп кететін. Кейде жомарттанған тонаушы тастайтын. Ал құдалыққа келген әрі елге сыйлы бидің «сауға» әкелгені – өз қадірін өзі кетіргені ме? Одан әрі маңғаз Әжібай би «Шүршіт сәнқойлары қолға түсе бермейтін бұйым, бәйбіше» дейді. Айтайын дегені «Шүршіт сәнқойларының қолына түсе бермейтін бұйым, бәйбіше», не «Шүршітте сәнқойлар үшін жасалған, қолға түсе бермейтін бұйым, бәйбіше» шығар.

Баян қашып кеткен соң Қарабай «Естідіндер ме маған бөзек етіп тұр» дейді. Қодар «ешқандай бөзек емес» деп безілдейді. «Бөзек» - жергілікті диалект сөз. Жалпы ұлтқа арналған фильмде ондай азғана аймақ түсінетін диалект болмағаны абзал. Аннан-мұннан оқығанымыз бар «бөзек» сөзінің мәнін түсінгендей болдық, ал мына сөйлемнің бір сөзін мүлде түсінбедік. «Мен неге өз қалыңдығым үшін біреуге қарымжы қайтаруым керек.» Бұл – «қарымжы» деген не? Қарыз ба, қарымта ма, қаржы ма? Оның қайсы екенін мындаған көрермен ұғынуы үшін әрбірінің қасында сценарий авторы тұрмаса, басқа амалын білмедік.

Қозы мен Баян бірі жирен қасқамен, бірі ақбозбен қашып келе жатқанда Қозының аты жығылады. Қозы «күрең атым-ай, мұның не?» деп күйінеді. Күрең мен жиренды ажырата алмаған аңғал бала ма сонша? Сол атына қарап «Егер көкте арғымақтарға орын болса, сонда кездесерімізге сенемін» деп толғанады. Мынау Баянға да арнамаған сөзі ғой. Сосын Баянға қарап «жілігі үзіліп кетіпті» дейді. Жілік үзілмейді, сынады. Өйткені, ол – тұтас бір сүйек, үзілсе – бірнеше сүйек жалғасқан омыртқа немесе мойын үзіледі.

«Саған тіккен шаңырақты» дейді Қарабай Қодарға. Шаңырақты көтереді. Отауды тігеді. Құрсыншы. Енді қазақ тілінде мүлде жоқ «жаңалықтарға» келейік.

«Осындай адамсыздық болар ма екен» деп Қодарға зекіреді Қарабай. Қалың көрерменнің де күйініп отырғаны сол «адамсыздық» қой. Қарабайға қарата бәйбіше «бұл сенің абыройыңа жат» дейді. Енді фильмді түсіргендерге тура осылай айтылса, қалай болар еді?

Бәрі құраққа түрпідей тиген сөздердің арасында бір дұрысы бар екен. Таптық. Тек естір құлақ болса. Қодар Қарабайға қарата: «Сенің қызыңның күйеуі бар. Ол екі рет байға тимейді» дейді.

Әрбір фильмнен қай елдің студиясы түсірсе, соның дәстүрлері көрініс тауып жатады. Ал, тарихи тақырыптағы фильмдер үшін бұл ережеге айналған. «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» сериалы да осы тұрғыдан қандай?

Сериал өзі мына шудан басталады, әкесі Қарабай да, қызы Баян да «алты қойды барымталап кетті деп жүгіреді. Қойды мен сиырды ешқашан барымталамаған. Барымта тек жылқыға қатысты айтылатын ұғым ғой. Қумақ болған Баян шалғайына жармасқан екі қойшыны теуіп құлатып, біреуінің тамағына пышақ кезейді. Сеиалдың өн бойында қойшыдан кейін Қодардың алқымына, сосын өз тамағына пышақ кезейтін көріністер бар екен.

Айтпақшы, астындағы аты жығылғанда Қозы жануармен қоштасып, қанжарын төмен сілттеп қалады. Шамасы, атты қолтық тұсынан жарып тастаған. Баяғыда біздің аудан орталығымыз Ақсуаттың шетінде неміс көп тұрған. Беріде бірі қалмай тік көтеріліп Германияға көшіп кетті. Солар күзде шошқа сойғанда жүрегін көздеп қолтық тұсынын осындай ұзын селебені бір-ақ тығатын. Қозының тұсында қазақ даласында неміс болмаған сияқты еді, атқа кездік сілтеуді кімнен көргенін?

Кинода Баян ұзын көйлекпен жүр. Сыртында камзол ма, жақы ма бірдеңе киеді де, беліне әлгі селебені іліп алады. Ең болмаса еркекше киініп, беліне әлгісін тақса келісер ме дедік.

Қыз Баяннан қалсын ба Қозыңыз да Қодардың мойнына пышақ кезейді. Қодар Қозыдан асып түспесе



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу  
Дәріс: Ток шоу және сұхбаттасу. Дәстүрді білмеу кемшілікке соқтырады  
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

кем емес қой, бірде емшінің, бірде Қозының, бірде Жаппардың мойнына пышақ тіреп жатқаны. «Көрген көргенін істейді, көсеу түрткенін істейді» дегендей, Қодардан қарақшылар тобының басшылығын тартып алатын Жаппар да Қодар мен Қозының мойнына қанжар жалақтатудан бір жалықпайды.

О ғажап, бәрі бір-біріне селебе сілтеп жүреді де, ет жеуге келгенде пышақ таппайды. Иә, алты серияның екі жерінде Қодар тоқпан жіліктің етін турамастан қос қолдап ұстап жұлып жейді. Басшысынан қалсын ба қасына отыра қалған қарақшысы да келесі сүйекті етімен алып қарпи бастайды. Тағы бір көрініс еске түскен. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ даласында отызыншы жылдары өткен аштық туралы жазуға, көрсетуге мүмкіндік туды. Сонда бір ескі кинокөрініс бірнеше деректі фильмде қайталанған. Жұлым-жұлым шошақ бөрікті бала жілікті апыл-құпыл етімен жұлып жейді. Жарайды. Ол түсінікті жәйт, аштан өлейін деп тұрған жас бала шығар. Ал мыналар ше? Қодар өз сөзімен айтқанда, бай қайынатасының төрінде шалқып отырған күйеу бала емес пе? Осыдан кейін «қазақша ет» дегенді неге «бешбармақ» дейді?» деп ренжиміз. Қайта Әжібай би, анығында оның ролін ойнаған актер сабырлы екен. Алдындағы үйме табақ бірақ туралмаған етті жамбас сүйегімен жемей, абыройын сақтап қалды.

Қазақ «қыз қылығымен» дейді. Ал Қозы мен Қодар қатар ғашық, реті келсе Жаппар да қолға түсіргісі келетін, олар былай қалыпты, Қодар сұрағанда және екі қарақшы кет әрі еместігін білдіретін Баян ерекше қылықты болса керек-ті. Сол Баяныңыз түнде сырғасын құлақтан шешпестен ұйықтап жатыр. Онда да жарасымды ай сырға емес, салпаңдаған ұзыншақ бірдене. Шашына оралмай ма? Осы ма қазақтың мәдениеті?

Киноны түсіргендер арасында дастанның желісінен баяғыда ауып кеткенін айту былай тұрсын, қазақтың дәстүрін білетіндер болса Қодарға қайта-қайта «Баян менің атастырылған қалыңдығым» дегізбес еді. «Атастыру» – өз атынан аңғарылып тұрғандай ата-аналар істейтін дәстүр. Бүкіл қазақ оны біледі. Ал, алты серияның ешқайсында Баянға «атастырдық» дейтін Қодардың әке-шешесі жоқ. Дастанда мүлде жоқтығын айтпағанда. Онда Қодар – тегі белгісіз құл.

Сосын бұл Қодекең Қарабайдың үлкен үйінде отырып «мен ұрын келдім» дегенде талып түсуіңіз мүмкін. Бір емес, бірнеше рет қайталайды сабазың. «Ұрын келу» – атынан білініп тұрғандай болашақ күйеу жігіттің ауылға кештетіп кіріп, қалыңдығымен жүздесіп кетуі. Қалыңдықтың, не аға-жеңгесінің отауында. Қалай болғанда да үлкен үйде емес. Күйеу жігіттің ұрын келгенін бастапқыда санаулы адам білуі хақ. Үлкендер естісе де білмеген қалып танытады. Ал, қайынатасының төрінде отырып «мен ұрын келдім» дегенді бүкіл қазақ арғы-бергі мыңжылдықта тек «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» фильмінен естіген шығар.

Өкініштің көкесі алда. Сосын Қодар жұртқа «қадиямыз қайда?» деп дікіндейді. Қадия – қазаққа ислам дінімен келген ұғым. Бұл кинода ешбірі «Алланы» аузына алмай, қайта-қайта «Тәңірі» деп сөйлейді. Демек, фильмді түсушілер қазақ даласына ислам келмей тұрғандағы оқиғаны көрсетпек шығар. Ал «қадия» дегеніміз Қасиетті Рамазан айы бойы, Алланың разылығы үшін басқаларға да жәрдем бергісі келетін мұсылмандар жинайтын қаражат.

Одыраңдаған Қодар мен оның қандықол жендеті Жаппар бастаған қарақшылар қадия сұрағанын естігенде тұнық тіл мен нәзік діл не, асыл дініміз де аяққа тапталғандай күй кештік.

Енді бұл сериалда қазақ тіршілігі қалай көрініс тапқанын талдайық. Өйткені киномыз ежелгі дастанымыз «Қозы Көрпен – Баян Сұлудың» негізінде түсірілді деп жарияланды. Ол кезде қазақ көшпелі халық. Ешқандай қаласы болмаған. Отырар, Сауран, Түркістан, Сығанақ, Сарайшық, Қойлық және басқа ескі дейтін қалаларымыз бұл дастанға қарағанда беріде салынған.

Оқиға негізінен бір ауылда өтеді. Қарабайдың ауылы. Оған іргелес қарақшылардың тығылған тұсы ара-тұра көрсетілген. Ал Қарабайдың ауылы қалай? Оны алыстан да, камераны дрон арқылы үстінен ұшырып та түсіріпті. Оған арман жоқ. Сол ауылдың үйлері екі жаққа тігілген де тура ортасында мал қамайтын қаша жасаған. Иә, оған бірде қой, бірде топыратып жылқы қамап қояды. Қазақтың қай ауылы малын тура ауылдың ортасына әкеліп қамайтын еді? Сериалды көрген шетелдіктер көшпенділер мәдениеті туралы не ойлайды енді?

Ауыл ортасындағы қашаға күндіз де, кешке де үйірлі жылқы қамағанды тек «Баян Сұлудан» көріп таңырқап отырмыз. Жануарлар күндіз қыр басында үйездемес пе, кешке самалмен жайылуға шықпас па?

«Бұл кино ғой» деп дауласар біреулер. Ал кино. Сол киноңыздың бір тұсында қарақшы Талшынның торсығын тартып алып, басына көтере ішіп: «мынауың қымыз емес, су ғой» деп лақырып тастайды. Сол кезде Талшынның орнына сіздің «қайдағы саған қымыз, Қарабайдың ауылы бие байламайды» деп атып тұрғыңыз келеді. Иә, бірнеше рет іші-сырты көрсетілетін Қарабай ауылында желі, желідегі құлын жоқ. Пісіліп жатқан саба, күмпілдеген күбі жоқ. Төрт-бес кемпір біреп қазанның қақпағын кезекпен ашып



қарағанна басқа. Азғана жылқының қайда тұрғанын айттық. Осы ма көшпелі қазақ ауылы? Тоқсан мың жылқылы Қарабай суреттелетін дастан қайда?

Иә, сосын осы Қарабай ауылынан итті көрмедік. Қайта-қайта Қодар мен Жаппар бастаған қарақшылар тап бергенде, Әжібай би бір қора нөсермен шеру тартып келгенде бір ит үріп шықса кәне. Күнделікті екі бағдарламаның бірінде көрсетіп жататын тазы қайда, ауыл қоритын маң төбет қайда? Анталаған жау емес, жәй даланың бөрісі шапса мына ауыл қайтеді деп отырасың. Иә, бесінші серияда болар, бір бала күшігін көрсетеді. Аты Ақтөс дейді. Көзін жаңа ашып, аяғын енді басқан Ақтөс ауылды қоритын ит болғанша Қодардың қаншамасы қоқиланып кетер дейсің.

Ауылды қорғау дегеннен шығады, Қодардың тобы басып қалғанда оны жалғыз Қозы қорғайды. Қодарды биліктен тайдырып, енді сол қарақшылар Жаппардың бастауымен қайта шапқанда Қозы мен Қодар бірге қорғаған болады. Бұл ауылдың азаматтары жоқ па? Бар екен. Алтыбақан құрылғанда қаншама жігіт «Құландай жүйрік майда жел-ай, Бар екен біздей ынтазар-ай» деп ауылды басына көтеріп жатады. Баян Қозыға ұзатылатын кезде киіз үйдің іші-сыртын толтырып домбыраны тыңқылдатып, жыртақтап отырады. Ал жау шауып жатқанда бірінің төбесі көрінбейді. Сонда фильмнің идеологиясы «жастар ауыл, Отанды қорғауға емес, тек сауық-сайранға ғана керек» деп тұр ма? Өте өкінішті.

Қазақтың тіршілігі дегенде киіз үйдің ішіндегі бір одағай көріністі айта кетелік. Жай киіз емес, Қарабайдың үлкен үйі. Сол үйдің ішін айналдыра темекет тұтады. Негізі текеметті керегеге ілмей төрге төсейтін. Жарайды, жердегі текемет камераға көрінбейді, сондықтан көрнекі етіп ілгілері келген шығар. Ал сол екі үлкен текеметтің орталарына оюы мен түсі басқа тағы екі шағын текеметті іліп қойғаны несі? Қазақтың талғамы осы ма еді? Түркіменстанға барғанда керемет қалы кілем ілгендерін көргенбіз. Бірақ, үлкен кілемнің үстіне кішкене кілем жапсырып қойғанын көрмеппіз. Киіз үймен әлі қоштаспаған манғол ортасына барғанда керегеге тұтқан шымшиді көрдік. Бірақ, үлкен шымшидің ортасына кішісін жамағанын көрмедік.

Алты серияда бір сандық бар. Оны Қарабайдан Жаппар ұрлап алады, Жаппардан Қодар тартып алып, иесіне қайта береді. Өздері қайта-қайта «сандық» деп саңқылдайды, анығында шағын қобдиша ғана. Қош, сол «сандықтан» Қарабай шақылдатып ортасы тесік шақаларды санайды. Ал біз, ойбай біз емес фильмді түсірушілер негізге алған «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жыры не дейді? «Қарабай ертең көшіп тағы салды, Базары көп Тәшкенді бетіне алды. Байлығының белгісін көрсетем деп, Тоқсан айғыр сатты да, белбеу алды». Үзіндінің соңы,

Әлгі жарнамаларда айта беретіндей «айырмасын сезініңіз!»

Фильмнің бір жерінде Қодар «сандықтағы күмістерді аламыз» деп қоқиланады. «Байғұс-ау, қазақ күмісті байлық демеген, оны тұрмысқа пайдаланған» дегің келеді. Иә, күміс сырға, сақина, білезік, белдік, қасық пен кесе денсаулыққа пайдалы екенін Қодардан басқа қазақ білген. Оны сандыққа сақтамай, қажетті бұйымдарды жасаған. Артып жатса ат-тұрманды күмістеген.

Алты сериялы «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» фильмінің барын барын сипаттап болсақ өзіміздің не іздеп таппағанымызды айтайық.

Дастанның кілті – Қарабай мен Сарыбайдың марал атуы қайда? Оны үш-төрт рет сөзбен тәуіп Қозыға, Қозы Баянға, Баян шешесіне, шешесі Қарагөз Қарабайға айтады. Ау жарандар, бұл кино ғой. Қазақтың мақалымен айтсақ, «мың рет естігеннен, бір рет көрген артық» емес пе!

Сосын фильмге арнайы жазылған әсем ән мен ерекше күйді іздедік. Жоғарыда айтқанымыздай бір жерінде «Ішінде топ қараған уәделескен, көзіннің қарасын-ай» деп әндетеді. Сонғы сериясында белгілі күйдің басын тыңқылдатады. Мұның екеуі де, әсіресе әні сахна мен эфирден күнде айтылып, онсыз да құлақты сарсылтқан. «Қыз Жібек» фильмі шыққанда онымен бірге «Көш қызығы» мен «Ақ Жайық» атты ғажап әндер, «Аққу» сынды керемет күй бірге туған. Қадыр мен Нұрғиса жоқ болса да, Ұлықбек пен Төлеген жүр емес пе.

Және бір жоғы – селт еткізер деталь екен. Әлгі «Қыз Жібекте» сау етіп бүкіл моншақ шашылып түседі, бәрі түсінікті. Қос аққу мойындарын иіп, тұмсықтарын түйістіреді және түсінікті. Тіпті, Сергей Әзімовтің «Арал. Өлі теңізді жоқтау» фильмінде байырғы балықшы ескегін құмға жерлейді. Еш сөз айтылмаса да, бәрін түйсінесіз. Ал, жалаңдаған пышақ, сілтенген селебеден көз тұнатын алты сериядан мұндай тұщымды нәрсе таппайсыз-ау, таппайсыз.

Дәрісіміздің басында әрбір дәстүр-салттың тағылымды тұсы болады, сол үшін де дәстүр болып сақталып келеді дедік. Оны бұрмалап немесе түсінбей көрсету жұртты шатастырады. Сөйтіп бастапқы қажетті мәнінен айырады. Бір сериалдағы ондаған кемшіліктер біздің телеарналар мен оларға дайын өнім ұсынушылардың дәстүрге немқұрайды қарауын аңғартады. Бұл жақсылық емес дейміз біз.



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу  
Дәріс: Ток шоу және сұхбаттасу. Дәстүрді білмеу кемшілікке соқтырады  
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

---

### **Он үшінші сабақты пысықтау:**

Әр дәстүр табиғатпен, қоршаған ортадағы жан-жануарлармен, сосын адамдардың өз арасындағы қатынастардан туындаған.

Салт-дәстүрді бұрмалап немесе түсінбей көрсету жұртты шатастырады.

Экраннан көрсетілген көркем және деректі фильмдердегі көріністерде ұлттық рух пен патриотизм сезіліп тұруы керек

Фильмді әр тұсында халыққа тән деталь айшықтап тұрарын ұмытпау керек, мәселен «Қыз Жібектегі» моншаның жерге шашылып түсуі қандай мәнді түсірілген.